Әділет

## "Жұмысшы мамандықтарының жылын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № 1134 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 19 желтоқсандағы № 1107 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Жұмысшы мамандықтарының жылын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № 1134 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Жұмысшы мамандықтарының жылын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарында:

реттік нөмірі 10-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 10 | 10-қадам. "Еңбек жолы" республикалық конкурсының жеңімпаздары мен "Жұмысшы жастар аманаты" жобасының қатысушыларын марапаттай отырып, Жұмысшы мамандықтары жылының қорытындысын шығару. Концепт: "Еңбек жолы" республикалық конкурсы еңбек адамдары туралы қоғамдық оң пікір қалыптастыру мақсатында өңірлік және республикалық деңгейлерде 3 номинация бойынша өткізіледі: | Мемлекет басшысының қатысуымен Жұмысшы мамандықтары жылының салтанатты жабылуы | 2025 жылғы желтоқсан | Еңбекмині, ОМ, ҒЖБМ, ЖИЦДМ, ЭТРМ, ТСМ, СРИМ, ТЖМ, МАМ, ЭМ, КМ, ӨҚМ, ДСМ, АШМ, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері, "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша), "Самұрық-Қазына" АҚ (келісу бойынша), республикалық кәсіподақтар бірлестігі (келісу бойынша), республикалық | РБ-де көзделген қаражат шеңберінде, бюджеттен тыс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "Үздік еңбек әулеті"; "Үздік тәлімгер"; "Үздік жас жұмыскер". "Еңбек жолы" республикалық конкурсының қорытындысы бойынша салтанатты марапаттау рәсімі Жұмысшы мамандықтары жылының қорытындысын шығару шеңберінде өтеді | | | жұмыс берушілер бірлестігі (келісу бойынша), "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" АҚ (келісу бойынша), "Еңбек ресурстарын дамыту орталығы" АҚ (келісу бойынша) | қаражат есебінен |

".

ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы "ЕБҚ – ерекше білім беру қажеттіліктері" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"ЖИЦДМ – Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі* *О. Бектенов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК